



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№26 (830) Сәрсенбі 28 маусым 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

http://www.qsip.kz/

http://www.instagram.com/eltilegigazeti

http://www.facebook.com/eltilegigazeti

28 МАУСЫМ – ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының төрағасы:

ҚҰРБАН АЙТ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Аса қамкор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау Аллаға тән. Ардақты Пайғамбарымыз Мұхаммедке Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

Қадірлі отандастар! Сіздерді мұсылман қауымының ұлық мейрамы – Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Айт қабыл болсын! Баршаныңа мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, жұмыстарыңызға береке тілеймін. Алла Тағала бәріміздің мерейімізді үстем етсін!

Құрбан айт – шынайы ниет пен Аллаға деген сүйіспеншілікті паш ететін мейрам. Ұлық мерекенің тәрбиелік мәні мен мағынасы тереңде жатыр. Қасиетті Құранда: «Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаға жетпейді. Оған жететін нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалықтарың (шынайы ниеттерің)» («Хаж» сүресі, 37-аят), – делінген. Аятта айтылғандай, Құдай жолында жақсылық жасауға ниеттенген пенде бұл амалды риясыз оймен орындайды.

Адам баласы құрбандық шалу арқылы Алланың берген ризық-несібіне шүкір етеді. Құдайдың нәсіп еткен нығметтің бір бөлігін көмекке мұқтаж жандарға үлестіріп, олардың да ақысын беріп, қуанышқа бөлейді. Өйткені, Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Парыз амалдан кейінгі Аллаға ұнамды іс – мұсылманның жүрегіне қуаныш сыйлау» деген.

Халқымыз «Бота алғанша бата ал» дейді. Үлкеннің жалпы көмекке мұқтаж жандардың алғысын алып, батасына бөлену – айт кезінде орындалатын сауапты істің бірі. Мұсылман баласының ұлық күнде шынайы ниетпен құрбан шалып, оны

мүгедектер мен жетімдерге, көпбалалы отбасылар мен қарттарға таратып, алғысын алуға тырысатыны сондықтан.

Осы ретте еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды Құрбан айттың құрметіне мал құнын қолдан көтермей, халықтың әлеуметтік жағдайын ескеріп, онтайлы баға ұсынуға, жұртымыз күнде тұтынатын азық-түлікке мүмкіндігінше жеңілдік жасауға шақырамын. Құрбан айтты атап өтудің негізгі мақсаты – мұсылмандар арасында өзара мейірімділік, жомарттық, қайырымдылық, қанағат сынды адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Алланың рақым нұры төгетін берекелі сәттерде халқымызға жақсылық жасап, көпшіліктің ризашылығына бөленейік.

Ардақты ағайын! Алла қаласа, биыл елімізде құрбан шалу рәсімі офлайн және онлайн форматта өтеді. Діни басқарма ел азаматтарына, әсіресе қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасау мақсатында құрбан шалу рәсімін қашықтан өткізуге арналған qurban2023.kz сайтына іске қосты. Барша мұсылман қауымын мұфтияттың «Рабың үшін құрбан шал» қайырымдылық акциясына үлес қосып, сауапты істерде белсенді болуға үндеймін. Бүгінде әлем мұсылмандары Мекке қаласында қажылық жасауда. Солардың қатарында парызын өтеп жүрген 4 мың отандасмыздың ниеті мен дұғасы қабыл болып, елімізге аман-есен оралуын тілейміз. Алла Тағала еліміз бен жерімізге берекесін жаудырып, шалған құрбандықтарымызды, берген садақтарымызды, айт құнды аманға асырған Аллаға күндері әрбір игі істерімізді қабыл етпей.

Әмин!



ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ТУРНИР ӨТТІ

Шиели ауданының қоғамдық даму бөлімінің тапсырысы аясында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері арасында теннистен турнир өтті.

Шара мақсаты – салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты насихаттау болып табылады. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Болатбек Ысмағұлов сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Биылғы жылы жарысқа 14 қатысушы қатысты. Жарыс нәтижесінде үздік ойын өрнегін көрсеткен «Шайрайна-Сейхун» газетінен Нұрлан Қарашаев 1-орынды иеленсе, 2-орынды Қазақстан Республикасының Журналистер одағының мүшесі, облыстық «Қызылордискне весті» газетінің Шиели ауданы бойынша меншікті тілшісі Максұт Ибрашев, 3 – орынды «Өскен өңір» газетінің фототілшісі Бақытжан Бәйімбет иеленді.

Жеңімпаз атанғандарға және жарысқа қатысушыларға кубок, медаль, дипломдар мен сыйлықтар табысталды.

ҚАЛАМҒЕРЛЕР МАРАПАТТАЛҒАН КҮН

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күніне орай журналистерге аса зор құрмет көрсетілді. Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ драма театрында бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған «Қанатты қалам – 2023» мерекелік салтанатты шарасы болып өтті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев журналистерді төл мерекесімен құттықтап, мамандығын қадір тұтатын журналистердің қоғамдағы алар орнына тоқталды.

– Жаналықтың жаршысы, жақсылықтың хабаршысы болып, әрдайым қоғамдық ахуалдың алғы шебінде жүретін, ақпарат кеңістігінде таңдаған мамандығына адал болып, ұстанымын өзгертепеген, қаламды қасиет тұтқан бұқаралық ақпарат құралдары саласының қызметкерлеріне әрқазы айтар алғысымыз шексіз.

Алаш ардақтысы, көрнекті ағартушы Міржақып Дулатұлының «Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің болашағы мықты» деп XX ғасырдың басында айтқан сөзі ХХІ ғасырда да өз маңызын толық сақтаған. Қазіргі қоғамның өзекті әрі шынайы ақпаратқа деген таламы өте жоғары. Сондықтан да нақты ақпарат ұстаным, әрбір жаңалыққа бей-жай қарамай, шындықтың түбіне жетуге ұмтылу – сіздердің мамандықтарыңыздың негізгі бағыты.

Сыр өңіріндегі бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік билік пен қалың бұқараның арасындағы алтын көпір ғана емес, еліміздің талағай табыстары мен

зор жетістіктерінің жаршысына айналдыңыздар. Өздеріңіздей туған жердің тарихын қадір тұтып, бүгінгісіне марқайып, ертеңіне алаңдайтын қадірлі қауыммен жүздесу біз үшін де үлкен қуаныш. Ел дамуының барлық кезеңінде сіздер арқылы халыққа шынайы ақпарат дер уақытында тарап, елдің ертеңі деген сенім арттырып жүрсіздер. Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» тақырыбында Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында: «Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Ақпарат құралдарында түрлі көзқарастар тоғысады. Оны қоғам тынысының барометрі деуге болады. Осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажет, – деп айтқанын білесіздер. Бүгінде «Масс-медиа» деп аталатын жана заң қоғамда кеңінен талқылануда. Бұл жобаның БАҚ өкілдері үшін маңызы зор болмақ. Ортамызда осы саланың абыз ардагерлері, қалам қуатымен елдің әлеуетін арттыруға зор үлес қосып, халықтың құрметі мен қошеметіне бөленген аға буын журналистер

отыр. Сыр өңірінен шыққан жүздеген журналист әлемнің түкпір-түкпірінде, еліміздің әр өңірінде, өз өлкемізде абыройлы қызмет етуде. Олар ел өміріндегі әр жетістікті өз жетістігіндей көреді. Қиындықты жүрегімен қабылдап, әр сәтті қалт жібермеуге тырысады. Барша баспасөз, теледидар, радио, интернет басылымдары қызметкерлерінің еңбегіне шығармашылық табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, амандық тілейміз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болды. Қызылорда қоғамдық телеарнасының құрылтайшысы, ақын Шәкізата Әбдікәрімов Қызылорда облысының құрметті азаматы атанды. Бірқатар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары табысталды. Мұнан бөлек, 20 БАҚ өкіліне түрлі номинация, 10 сала ардагеріне шипажайға жолдама берілді. С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары да арнайы марапат алды.

Мереке жалғасын тауып, «Қаламгерлер» аллеясында БАҚ өкілдерінің салтанатты шарасы ұйымдастырылды. Сыр бойы әдебиетінің үш алыбы ескерткішінің жанына жылжыған қаламгерлер ең әуелі қалам құдіреті мен қасиетін бейнелейтін қалалық Жастар театры әртістерінің тақырыптық қойылымын тамашалады.

«Бұл аллея – қалам ұстаған шығармашылық қауымына көрсетілетін шексіз құрметтердің бір парасы ғана. Өйткені қалам ұшындағы құдіретті жүрегімен түйсінген Сіздердің әрбірініз қандай сый-мәртебеге болса да лайықтысыздар», – деген шаһар басшысы Асылбек Шаменов журналистердің қоғамдағы орны мен халық жүрегіндегі беделі туралы тілге тиек етіп, айшықты мерекемен құттықтап, халық пен билік арасында алтын көпір бола білген бірқатар сала үздіктеріне қала әкімінің арнайы Алғыс хаты мен естелік сыйлықтарын табыстады.

Сондай-ақ, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар Одағы Қызылорда облыстық филиалының төрайымы, белгілі ақын, тележурналист Қаршыға Есімсейітоваға қалам-мыздық ең жоғарғы марапаты «Құрмет» грамотасы табысталды. Өз кезегінде аймақ тележурналистикасының алғашқы қарлығаштарының бірі болып саналатын Қаршыға Құрмашқызы мен ҚР Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі, «Қызылорда қоғамдық теледидарының» құрылтайшысы, Қызылорда облысының құрметті азаматы Шәкізата Әбдікәрімовтың барша қаламдастарын мерекемен құттықтап, алғаусыз пейілін білдірсе, қаламы қарымды журналист, Алашқа белгілі ақын, Сыр елінің Қадыры атанған Дүйсенбек Аяшұлы жүрекжарды жырын оқып, көпшілік құрметіне бөленді.

Зибаш ӘЛИ

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысында есірткі бизнесіне қарсы күрес және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары талқыланды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша облыстық полиция департаментінің бастығы Махсұдхан Аблазимов баяндама жасады.

Аймақ басшысы елімізде нашакорлық мәселесі жылдан-жылға күрделенгенін атап өтті. – Бұл мәселе атүсті, не мұқрайлы қарауды көтермейді. Мүдделі тараппен

бірге нашакорлықты жедел анықтау, тәуелді азаматтарды уақытылы әрі дұрыс есепке алу және жер ресурстарын бақылауды күшейту қажет. Есірткі нарығының синтетикалық және жаңа психоактивті заттармен толығын алаңдатуы. Оны тұтынуға итермелеу, интернет арқылы тарату ауыр және аса ауыр қылмыстар санатына

енгізілсе де, көрсеткіш көңіл көншітпейді. Биылғы жылдың 5 айында облыста есірткінің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқықбұзушылық 15 пайызға немесе 61-ден 70-ке дейін көбейген. Бұл жүйелі жұмысты қажет етеді, – деді облыс басшысы.

Осыған байланысты облыстық полиция департаментіне есірткі заттары тасымалданатын қаналдарды, өткізетін орындарды анықтап, оларды жою жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды. Халықтың нашакорлыққа қарсы иммунитетін қалыптастыру үшін мүдделі салалық құрылымдармен бірге профилактикалық жұмыстарды барынша күшейту керек. Бұл тұрғыда облыстық

қоғамдық даму басқармасымен бірлесіп, есірткінің салдары мен тәуелділіктің зардабы туралы БАҚ және әлеуметтік желілерде түрлі роликтер арқылы насихат жұмыстарын жүргізу қажет. Интернет-платформаларды қылмыстық мақсатта пайдалануды барынша азайту үшін қосымша шаралар қабылдау қажеттігі де ескерілді.

Жол қауіпсіздігі күрделі проблема болғандықтан, ол комиссия отырыстарында жиі қозғалады. Өңірде жол-көлік оқиғалары өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда азаймай отыр. Сондықтан облыстық полиция департаментіне автомобиль жолдарындағы авариялық қауіпті учаскелерді анықтап, кемшіліктерді жою және сол аумақтарды жетілдіру бойынша тиімді ұсыныстар енгізу тапсырылды. Мүдделі органдар қалайшылық және облысаралық бағытта жолшыұялар тасымалдаумен шұғылданатындарды қатаң бақылауға алуы тиіс. Жол жүру ережелерін сақтау бойынша рейдтік іс-шараларды тұрақты ұйымдастыру және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автодөлізін тексеріп, қауіпті аймақтарда жүргізушілер үшін арнайы құралдар мен жол белгілерін орнату міндеттелді.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІ ТЫНДАЛДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев Қазалы қаласына арнайы барып, тұрғындармен кездесті.

К.Ерімбет атындағы саябақта өткен басқосуға Мұхтар Әуесұлы ең әуелі жыл басынан бері ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға қысқаша тоқталып, алдағы жоспарларымен де бөлісті.

Кездесу барысында қала тұрғындары тарапынан бірқатар ұсыныс-пікірлер айтылды. Атап айтсақ, жарық, жол, тазалық және жайылымдық жерлердің мәселесі көтерілді. Мұнан бөлек, қала шетіндегі арықтарға аяқсу апару қажет екендігін және қоғам белсендісі болып, игі істерге ұйықты болған марқұм Жәнібек Жұбанғановқа марапат алып беруді жеткізді. Аудан басшысы өз кезегінде тұрғындар тарапынан жеткізілген ұсыныстардың барлығы орынды екенін айтып, аталған мәселелерге жеке-жеке тоқталып өтті.

Жиын соңында тұрғындар аудан көлемінде атқарылған істердің барлығына ризашылықтарын білдіріп, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Астана қаласында грэпплинг күресінен U15, U17, U20, ересектер және ардагерлер арасында өткен Азия чемпионатынан алтын және күміс жүлдеге ие болған жерлестеріміз ауданға оралды. №17 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің спортшыларын күтіп алуға арнайы барған Қазалы ауданы әкімінің орынбасары Дәурен Тілеумбетов мақтаныштарымызға Қазалы ауданының әкімі Мұхтар Оразбаевтың алғысын жеткізіп, алдағы долларына сәттілік тіледі. Басқосуда ата-аналарда сөз алып, спортшы жастардың жаттықтырушысы Жанасая Мұраттың еңбегі ерекше екенін айтып өтті. Сондай-ақ, арнайы ат басын

бұрып келген Дәурен Оңғарбайұлына ризашылықтарын білдірді. Байрақты бәсекеге Қазалы ауданынан барған жерлестеріміз Азия чемпионатынан қоржынға 2 алтын және 3 күміс салды.

Атап айтар болсақ, 48 келден Айкүнім Русланқызы, 68 салмақта Құралай Өтегенова мен 90 келі бойынша Наргиз Яхып алтын жүлде иеленді. Сол секілді Аружан Алматыбаева 40 келі, Аида Оралбай 52 келі және Ерұлтан Қайыржан 46 салмағы бойынша күміс жүлдеге қол жеткізді.

Айта кетейік, тартысты додаға Қазақстан, Қырғызстан, Филиппин, Тәжікстан, Иран, Өзбекстан және Үндістан мемлекеттерінен 400-ден аса спортшы қатысқан еді.

Индекс: 65007-Республикалық «Ел тілегі» газетіне жазылу 6 айға бағасы - 2500 теңге
Индекс: 74023-Республикалық «Жарасымды Жанұя» журналына 6 айға жазылу бағасы - 2850 теңге
Индекс: 76209-Республикалық «Білімді Ел – Қазақстан» ұстаздарға арналған журналына 6 айға жазылу бағасы - 5500 теңге



Қазақстан Республикасының Конституциясында сот ісін жүргізудің негізгі қағидалары – баршаның заң мен сот алдындағы теңдігі; жеке өмірге, жеке және отбасылық құпияға қол сұғылмаушылық, өзінің ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау; сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы; өз құқықтары мен заңды мүдделерін сотта қорғау болып бекітілген.

ІСКЕ ҚАТЫСАТЫН АДАМДАР АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСКЕ ҚАТЫСУШЫЛАР РЕТІНДЕ

Азаматтық процесілік кодексінің (АПК) 4-бабында азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда заңдылықты сақтау, істің толық, уақтылы, әділ қаралуын және шешілуін қамтамасыз ету, дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады. Жалпы алғанда азаматтық іс жүргізу - азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сот пен процесінің басқа да қатысушылары арасында қалыптасатын азаматтық іс жүргізу әрекеттері мен құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйесі. Азаматтық іс жүргізу қатынастары талап қоюшының сотқа талап, арыз немесе шағым түсірген кезде пайда болады. Азаматтық процесс - соттың, тараптардың, процеске қатысушылардың процессуалдық әрекеттері, олардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттерін жинақтайды. Қарапайым тілмен азаматтық сот ісін жүргізуге қатысатын тұлғаларды - соттың құрамы мен іске қатысушылар деп бөлуге болады. АПК-ның 43-бабында тараптар, үшінші тұлғалар; прокурор; мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе осы Кодекстің 55 және 56-баптарында көзделген негіздер бойынша процеске кіретін азаматтар; осы Кодекстің 302-бабында санамаланған сот ерекше іс жүргізу тәртібімен қарайтын істер бойынша мәлімдеушілер мен өзге де мүдделі адамдар іске қатысатын адамдар деп танылады. Тісінше АПК-ның 55-бабына сай заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, әрекетке қабілетсіз азаматтың мүдделерін қорғаушы, бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар, заңда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атынан қорытынды беру үшін процеске кірісе алады.

Тараптар деп талап қоюшы мен жауапкер танылады. Өздерінің бұзылған немесе даулы құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғап немесе осы АПК-да көзделген тәртіппен өзге де тұлғалар оларды қорғап талап қою берген азаматтар мен заңды тұлғалар талап қоюшылар, ал өздеріне талап қою берілген азаматтар мен заңды тұлғалар жауапкерлер болып табылады.

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар – талап қоюшының немесе жауапкердің тарапындағы тараптардың біріне қатысты олардың құқықтарына немесе міндеттеріне ықпал етуі мүмкін тұлғалар. Олар тараптардың және іске қатысушы басқа да адамдардың өтініші бойынша немесе соттың бастамасы бойынша іске қатысуға тартылуы мүмкін. Үшінші тұлғалар, талап қоюдың негіздемесін немесе нысанасын өзгерту, талап қою талаптарының мөлшерін ұлғайту немесе азайту, талап қоюдан бас тарту, талап қою талаптарын тану, бітімгершілік келісім, қарсы талап қою және сот шешімін мәжбүрлеп орындатуы талап ету құқығын қоспағанда, процесілік құқықтарды дербес талаптарсыз пайдаланады және тараптардың іс жүргізу міндеттерін атқарады.

Прокурор – азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына мемлекет атынан жоғары қадағалауды жүзеге асыратын тұлға. Прокурор АПК-да көзделген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында іс бойынша қорытынды беру үшін процеске кірісуге құқылы және мемлекет мүдделерін қозғайтын істер бойынша, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілгенде, сондай-ақ

прокурордың қатысуы қажеттігін сот танығанда прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті.

Соттар өкілдік етушілер: Адвокаттар мен заң кеңесшілер – заң мәселелері бойынша түсіндірмелер, кеңес беретін, өзіне жүктелген міндеттерді атқаратын, кәсіби құқықтық көмек көрсететін, тараптардың өкілі болып іске қатысатын адвокаттар алқасының немесе заң консультанттар палатасының мүшесі болып табылатын, өз міндеттерін кәсіби тұрғыда атқаратын тұлғалар. Сонымен қатар заңды тұлғалардың, мекемелердің қызметкерлері де өкіл ретінде сотқа қатыстырады.

Заңды өкілдер – әрекетке қабілетсіз азаматтардың, кемелетке толмағандардың және сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта олардың ата-аналары, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары, патронат тәрбиешілері немесе оларды алмастыратын басқа да тұлғалар.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар туралы қандай да болмасын мәліметтер өзіне белгілі болған кез келген адам куә бола алады. Сот процесіне куә ретінде шақырылған тұлға сот белгілеген уақытта келуге және өзіне мәлім ақпаратты шынайы айтуға міндетті. Жалған куәлік ету – ҚР қылмыстық заңнамасында көзделген жауаптылыққа алып келеді. Осы ретте ҚР Конституциясының 77-бабына сай ешкім өзіне-өзі, жұбайына (зайыбына) және заңмен белгіленген шектегі жақын туыстарына қарсы айғақ беруге, діни қызметшілер өздеріне сеніп сырын ашқандарға қарсы куәгер болуға міндетті емес екенін ұғынған жөн. Сондай-ақ сот ісін жүргізу барысында судьяның сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесуші қатарында сот сараптаманы жасау үшін сарапшыны, ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға консультанциялар (түсіндірмелер) беру және олардың қатысуы арқылы дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға жәрдем көрсету мақсатында сот отырысына немесе процесілік әрекеттерге қатысу үшін істің нәтижесіне мүдделі емес, арнаулы білімі бар кемелетке толған адамды маман ретінде тартуы мүмкін. Жалпы сотқа қатысушы тұлғалар іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; іске қатысатын басқа да тұлғаларға, куәлерге, сарапшылар мен мамандарға сұрақтар қоюға; өтінішхаттар, оның ішінде талап қоюды қамтамасыз ету бойынша шаралар қолдану туралы, дәлелдемелерді қамтамасыз ету бойынша, қосымша дәлелдемелерді талап ету туралы, тағуластыру рәсімдерін қолдану туралы өтінішхаттар беруге; сотқа аузыша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге; іске қатысатын басқа да адамдардың өтінішхаттары мен дәлелдеріне қарсы болуға; сот жарысөздеріне қатысуға; сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған жазбаша ескертпелер беруге; соттың шешімдеріне, ұйғарымдары мен қаулыларына шағым жасауға; Қазақстан Республикасының азаматтық сот ісін жүргізу туралы заңнамасында берілген басқа да процесілік құқықтарды пайдалануға құқығы бар. Олар басқа адамдардың құқықтарын теріс пайдаланбай, олардың мүдделерін бұзбай, өздеріне тиесілі барлық процесілік құқықтарды адал пайдалануға тиіс және істерді қарау мен шешу мерзімдерін қасақана созып жіберуге жол бермеуге тиіс. Қорытындылай келе, сотқа қатысушы әр тұлға сотқа шынайы түрде мәлімет берсе, өз құқықтары мен міндеттерін адал пайдаланса, дау заңды әрі негізді, тараптар үшін тиімді шешілетінін естен шығармаған жөн.

Эльмира АХМЕТОВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы



АРАЛДА МЕДИЦИНАЛЫҚ БЕКЕТ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Өңірде денсаулық сақтау саласының көкжиегі кеңейіп, жыл өткен сайын медициналық мүмкіндіктер мөлаиып келеді. Қазіргі таңда ауданда 3 аурухана, 1 аудандық көп бейінді орталық аурухана, 3 ауылдық емхана, 11 дәрігерлік амбулатория, 36 медициналық бекет, 1 фельдшерлік амбулатория жұмыс жасайды. Солардың қатары бүгін тағы екі медициналық нысанға артып, Тастүбек пен Жалғызбағым елді мекендерінде жаңа медициналық бекет бой көтеріп, пайдалануға берілді.

Мергенсай ауылдық округіне қарасты Тастүбек елді мекенінде 200-ге жуық тұрғын бар. Аудан орталығынан шалғай орналасқан ауылда бұған дейін медициналық қызмет көрсету орталығы болмаған. Жаңадан бой көтерген бекетке тұрғындар ризашылықтарын білдірді. Нысанның ашылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов сөз алып, тұрғындарды жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады.

«Денсаулық зор байлық деген халқымызда аталы сөз бар. Осында байлығымызды сақтау жолында жұмыс жасайтын мейіргерлерімізге жаңа нысанға сапалы қызмет көрсетіп, ел игілігіне қызмет жасай беріңіздер деймін. Бүгінгі жаңадан бой көтерген нысан ауыл тұрғындарының дертіне шипа табатын құтты орынға айналуына шын жүрекпен тілектеспін!»-деп ақжарма тілегін жеткізді.

Мұнан соң, дәл осындай ғимарат Сексеуіл кентіне қарасты Жалғызбағым ауылында да халық игілігіне берілді. Заман талабына сай жабдықталған мекеменің ашылуына жергілікті жұртшылық алғашқы алғысын айтып, іргелі істерге ұйытқы болып жүрген ел азаматтарына ізгі лебіздерін білдірді. Әлеуметтік нысанның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімінің орынбасары жиналған қауымды бүгінгі қуанышпен құттықтап, медициналық бекеттің лентасын қиды.

Айта кетейік, бүгінде айдыңды өлкеде денсаулық саласында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында биылғы жылы Бөген, Қызылжар ауылдарында дәрігерлік амбулаторияның және Көктем елді мекенінде медициналық бекет құрылысы басталып болса, Сексеуіл кентіндегі 40 төсектік аурухана құрылысы қайта жандануда.



«500 ҒАЛЫМ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША ШӘКІРТАҚЫ ИЕГЕРЛЕРІ

Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның 2023 жылғы 22 маусымдағы шешімімен Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 14 оқытушысы «500 ғалым» жобасы бойынша шәкіртақы иегері атанды.

«500 ғалым» бағдарламасы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес отандық ғалымдардың әлемдік жетекші ғылыми орталықтарда кәсіби қузыреттілігін дамыту мақсатында бекітілді. Мәселен, өткен жылы алғаш рет 6 оқытушы келесі университеттерде тағлымдамадан өткен: Тюбинген университеті (Германия); Джордж Вашингтон университеті (АҚШ); А.Е.Арбузов атындағы органикалық және физикалық химия институты (Татарстан Республикасы); К.А.Тимирязев атындағы Ресей аграрлық университеті (Ресей); М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті (Ресей); Беларусь мемлекеттік агротехникалық университеті (Беларусь).

2023 жылдың күзіне бастап университетіміздің 14 ғалымы шетелдің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтарында тәжірибе

алмасу, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу үшін мемлекет есебінен тағлымдамадан өтуді бастайды. Бұл физика, археология, су ресурстары, жылу энергетикасы және жаңартылатын энергия көздері, құрылыс, шет тілдері, педагогика және психология саласындағы мамандары:

1. Абжаев Марат Маликович – Ресей (Казан (Еділ) федералды университеті);
2. Асанова Жанна Сексенбаевна – Әзірбайжан (Әзербайжан техникалық университеті);
3. Әмиргалина Гүлмира Темірболатқызы – Германия (Тюбинген Эберхард және Карл университеті);
4. Байниязова Ақмарал Тасқарақызы – Ресей (Казан (Еділ) федералды университеті);
5. Далдабаева Гүлнұр Төреханқызы – Швейцария (Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті);
6. Елеуова Эльмира Шораевна

– Швейцария (Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті);

7. Изтлеуова Жанна Бақытжанқызы – Уэльс (Йорвик Университеті)

8. Сапарқызы Жаннат – Ресей (М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті);

9. Сардарова Эльмира Асанбекқызы – Уэльс (Йорвик Университеті)

10. Сұлтанжанов Жетесби Канапияұлы – Германия (Тюбинген Эберхард және Карл университеті);

11. Сыдықова Гүлнар Құдайбергекқызы – Әзірбайжан (Әзербайжан техникалық университеті);

12. Умбетова Шолпан Мырзабекқызы – Әзірбайжан (Әзербайжан техникалық университеті);


13. Шынбергенев Ерлан Әлімжанұлы – Ресей (М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті);

14. Шаянбекова Бахытжан Рахманбердиевна – Швейцария (Солтүстік-Батыс Швейцария қолданбалы ғылымдар және өнер университеті).

«500 ғалым» жобасы тұлғаның біліктілігін және қузыреттілігін арттыруға бірегей мүмкіндік береді. Мамандар қайта оралып, өңірлік мықты университет құруға күш салады деген сенім мол.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕНДЕ СӨТ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Судья – сот төрелігін іске асырады. Ол нақты істер бойынша есеп бермейді, шешім қабылдауда дербес. Бұл – құқықтық мемлекетте заңның үстемдігін қалыптастырудағы негізгі құрал. Осыны іске асыру үшін соттардың қызметін ұйымдастыруда әрі қамтамасыз етуде заңнамалық және материалдық-техникалық жағынан ұдайы даму үстінде. Осы ұйымдастырушылық жұмыстардың шегін тарқатып көрсем.



Алдымен сот билігін заңнамалық-құқықтық жағынан ұйымдастыру.

Сот жүйесін дамытуда елімізде жасалған реформалар аз емес. Ол толыққанды іске асып та жатыр әрі өзінің оң нәтижесін беріп келеді. Жасалған сот-құқықтық реформалардың арқасында сот құрылымы мен сот ісін жүргізу бойынша біршама алға ігерілеуді байқауға болады. Атап айтқанда еліміздің Ата Заңында соттың мемлекеттік биліктің дербес тармағы ретіндегі мәртебесі бекітілді; заңның үстемдігі сот билігінің негізгі міндеті екендігі, азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы айқындалған. Оған қоса «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Заңда да сот билігі туралы нақты көрсетілген. Енгізілген жаңашылыққа сай судьялық лауазымға кездейсоқ адам өте алмайды. Судьялық лауазымына үміткерлерді іріктеудің жаңа әрі қатаң талаптары енгізілді. Болашақ судья атану үшін заңнаманы білуден қоса әссе жазу мен мінез-құлқы жіті тексерілетін болады. Бұл бағыт бойынша 2023 жылғы 5 маусымдағы Жоғарғы Сот төрағасы мемлекет басшысының қабылдауында болған кезде нақты айтқан болатын.

Қабылдауда Жоғарғы Сот төрағасы сот пен судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, судьялар корпусын білікті зәңгерлермен нығайту, сондай-ақ сот үдерісінде азаматтар мен бизнеске берілген кепілдікті күшейту міндеттерінің орындалуы жөнінде айтып, сот қызметін аналитикалық тұрғыда күшейту, облыстық сот төрағаларының жауапкершілігін арттыру үшін қабылданып жатқан шаралар жөнінде мәлімет берді. Сонымен қатар сот жұмысын ұйымдастыруда кадрлық мәселелер де жолға қойылып келе жатқанын атап

өтуге болады. Атап айтқанда сот жұмысын кешенді заңнамалық және ұйымдастыру шараларын әзірлеу барысында сот төрағаларын сайлау арқылы, мемлекеттік органдар тарапынан судьяларға қысым жасау жолдарын жоюға, Жоғарғы сот кенесінің құзыретін күшейтуге және ювеналды соттардың қарауына жататын істердің аясын кеңейту жұмыстары қолға алынған. Сонымен қатар соттардан жүктемені мейлінше азайту шаралары да кешенді жүргізілгенін атап өту керек. Алдымен азаматтық істер бойынша даусыз талаптар сотқа ағылып түсуі тоқтатылды. Салық бұйрығы, нотариаттық жазба – сот шешіміне балама әдіс болып енгізілді. Сот жүктемесін азайтуда татуластыру шараларының сәтті іске асқанын айтамыз. Көбінесе азаматтық тәртіпке қарасты істерде тараптар шешім қабылдайтын уақытта бір ымыраға келіп жататыны жиі байқалатын. Талап қою түскен уақыттан бастап іс жаңа-жақты зерттеліп, шешім қабылдауға дейін шамамен үш айдай уақыт кетеді. Ал дауды соттан тыс және сотқа дейін шешу институты қолға алынғаны бері, даулардың біршама саны сот өндірісіне алынбастан, татуластырушы судьяның сүйемелдеуімен қос тараптың бітімге келумен бітіп жатыр. Бұл өз кезегінде сот жұмысын тиімді ұйымдастырудың нәтижесі деп білем.

Осыдан екі жыл бұрын әкімшілік әділет институтын дамыту мақсатында жаңадан Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) қолданысқа беріліп, өңірлерде мамандандырылған әкімшілік соттар құрылды. Аталған сот мемлекеттік орган мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы орын алатын жария құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған. Осының

негізінде азаматтық тәртіпке қаралып келген кейбір санаттағы істер әкімшілік іс жүргізумен қарауға көшті. Бұл ретте азаматтық іс жүргізде сот тараптардың ұсынған құжаттары мен дәлелдемелеріне баға бере отырып, қойылған талаптың шеңберінде істі қарайтын болса, ӘРПК талаптарына сай сот тараптардың ұсынған дәлелдемелері мен түсініктеріне қарамастан, істі толық көлемде қарау үшін басқа құжаттарды талап етуге және өз бастамасымен дәлелдемелер жинауға, талап қоюда көрсетілген жауапкер тиісті емес жауапкер ретінде анықталса, жауапкерді ауыстыруға, заң шеңберіндегі сот талабын орындамаған тарапқа ақшалай өндіріп алу процестік мәжбүрлеу шарасын қолдану секілді бірқатар құқықтарға ие. Осы орайда сот жүйесінің жаңа кезеңге қадам басқанын аңғаруға болады. Ал сот жұмысын материалдық-техникалық ұйымдастыруда Сот әкімшілігі органы елеулі қызмет жасауда. Органның негізгі қызметі Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Заңның 56-бабында айқындалған. Яғни Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың қызметін ұйымдастырушылық-құқықтық, ақпараттық-талдамалық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органға құқықтық статистикалық құжатталған ақпаратты ұсынуы Қазақстан Республикасының Президенті құратын Сот әкімшілігі ақпараттық қызметін

Қазіргі таңда аталған мемлекеттік органның қызметі нәтижесінде сот қызметін ұйымдастыруда заманауи әдістер қолданылып келеді. Сот әкімшілігін құқықтық жағынан дербес құрылым

ретінде қарастырылғанымен сот билігімен біте қайнасып жатқан орган. Оған соңғы жылдары сот билігін дамытуда жасалынып жатқан түрлі қайта құрулар мен реформалар негіз бола алады. Соттардың қызметін қамтамасыз етуді ұйымдастыру ретінде соттардың қалыптасуы істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау, оларды кадрлық, қаржылық, материалдық-техникалық және өзге де ресурстармен қамтамасыз ету ұғынылады. Аталған ресурстардың сот билігін одан әрі дамытуда тигізіп жатқан септігін тарқатып айтып көрсек. Материалдық-техникалық база. Судьялар сот төрелігін іске асыруда тәуелсіз болғандықтан, соттардың қызметтік орны мен сот залдары өзге ұйымдардан оқшау болғаны шарт. Осы орайда республика соттары дербес сот үйінде әрі заманауи техникалық құралдармен қамтылған деп айтуға толық негіз бар. Сот жұмысын ұйымдастыруда сот әкімшілігінің қызметінің жолға қойылғанын бүкіл әлемдік пандемия кезінде нақты көрініс тапты. Атап айтқанда барлық өңірде сот отырыстары онлайн режимде өтті.

Ақпараттық-талдау қызметі. Сот жұмысын оңтайландыру мақсатында соңғы он жылдықта цифрландыру қарқынды даму үстінде. Электронды жүйе, электронды құжат айналым, осының барлығы сот статистикасын электронды нұсқада жылдам алуына, талдауына, ақпаратты өңдеу ұсынуына оң әсерін тигізуде. Сонымен қатар сот жұмысын ұйымдастырудағы тағы бір мәселе – сотқа жүгінуші тараптар үшін қолайлы орта қалыптастыру және соттың ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Сондықтан, қазіргі жағдайда өз қызметін ұйымдастырушылық құқықтық жағынан қамтамасыз ету, жоғарғы сапаға жетуінің оңтайлы жолдарын іздегісізден негіздеу Жоғарғы Соттың өз функцияларын іске асыруы үшін өте маңызды. Осы бағыттағы жұмыстар болашақта да жалғаса беріп болады. Ол сот төрелігін жүзеге асыру сапасына, біздің еліміздің құқықтық және экономикалық негізін дамытуға оң әсерін тигізетін болады.

С. УМАРСЕРИКОВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық
экономикалық сотының
судьясы

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТӨРЕЛІК КЕЛІСІМНІҢ АРАҚАТЫНАСЫ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК СОТТАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

Төрелік келісімнің түбегейлі ерекшелігі – бұл тараптарда келіспеушілік туындауына байланысты негізгі келісімшартқа қатысты оның заңды автономды, дербес сипаты. Төрелік келісім құқықтық дербестікпен, автономдылықпен әрбір жеке жағдайға ие болады, сондықтан оның тағдыры мен заңды жарамдылығы негізгі келісімшарттың жарамдылығына тәуелді емес.

Бұл ереженің, егер арбитраж құзыреті төрелік ескертпе түрінде келісімшарттың мәнінде айтылса, яғни төрелік келісім азаматтық-құқықтық шарттың бөлігі болып табылса, ерекше мәні болады. Шарт міндеттемелері теориясының жалпы принциптеріне байланысты, негізгі келісімшарттың жарамсыз тану автоматты түрде оның кез-келген бөлігінің, оның ішінде төрелік ескертпенің жарамсыз тануына әкелуі мүмкін. Мұндай жағдайда тараптар келісімшарттың және одан туындайтын міндеттемелердің жарамсыздығы туралы мәселені қарауды қоса алғанда, олардың арасында келіспеушіліктердің тәуелсіз төрелік келіспеушілігіне аяқталатын айырылады. Бірақ Халықаралық коммерциялық төреліктің негізін қалаушы принципті төрелік істі қараудың түбегейлі еріктілігі мен төрелік келісімнің заңды автономдылығы шығады. Төрелік келісімнің автономдылығының салдары оның дау мәніне қолданылатын құқықтан ерекшеленетін құқықпен реттелетіндігі болып табылады. Төрелік келісімге қолданылатын құқық оның жарамдылығы, әсері, түсіндірмесі мен саласы туралы мәселелер ретінде бірқатар мәселелермен реттеледі. Егер жоғарыда аталған тұжырымдарды аксиомалар деп атауға болса, онда бір мағыналы жауап болмайтын тәжірибелік сипаттағы басқа мәселелердің жиыны болады.

Ғылыми әдебиетте талқыланатындардың бірі төрелік келісімге сыртқы сауда келісімшарты бойынша құқықтық мираскорлық таралатыны туралы мәселе болып табылады. Төрелік келісімнің автономдылығы туралы мәселе сыртқы экономикалық шартқа қол қойған тұлғаның сенімділігіне арбитражға дауларды беруде, яғни төрелік келісім жасауда, төрелік келісімге қатысты талап қою мерзімін анықтау кезінде айқын көрінетін өкілеттіктер болмаған кезде туындайды.

Барлық немесе кемінде бірнеше ұқсас проблемаларды қарау мүмкіндігінің болмауына байланысты сыртқы сауда келісімшартында құқықтық мираскорлық мәселесіне шартқа қол қойған тұлғаның міндеттемелердегі мираскорлық жаң-жақты және сингулярлық болады. Ол басқа тараптармен міндеттемелерді келісуді жүзеге асырады және талап етеді.

Қазақстан Республикасында бұл мәселеге қосымша итермелі күш мемлекеттік кәсіпорындардың жеке меншіктендірілуімен, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі қоғамдар және т.б. туралы жаңа заңдардың пайда болуымен берілді, бұл кейде атауы мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны келісімшартқа немесе төрелік келісімде көрсетілетіндермен сәйкес келмейтін жағдайларға әкеледі. Мұндай жағдайларда Төрелік келісім құқықтық мираскорлыққа таралады.

Қазақстан мемлекеттік төрелік соттары шетел тұлғаларының қатысуымен экономикалық дауларды қарау кезінде эстопель принципін толық шарада ұстанады: тараптардың сотта қараудың өзгеруіне үнісіз келісімі төрелік келісімге сілтеу құқығын жоғалтуға әкеледі және дау мәні бойынша төрелік (шаруашылық) сотпен қаралады. Талап арызды қабылдаудан және қараудан бас тарту туралы ереже егер төрелік келісімнің тараптары талап арызбен арбитражға жүгінесе, бірақ құзыреті келісімшартқа келісімге ғана қолданылады. Мысалы, төрелік ескертпе ҚР ХҚТС пайдасына жасалды, ал талапкер Астана қаласындағы төрелік сотқа жүгінді. Мұндай жағдайда Астана қаласындағы төрелік сот өзін талап арызды қабылдаудан бас тартуға құзыратты емес тануы тиіс. Алайда тәжірибеде Қазақстан мемлекеттік төрелік соттар төрелік келісімде көрсетілген тараптардың еркін үнемі назарға ала бермейді және 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының

Заңының шарттарымен сәйкес сотта қаралатын істі қарауға қабылдайды, мемлекеттік арбитражды сот талапты оның қарауының қалдыратынын тура анықтайды, егер:

- егер тараптардың кез келгені мемлекеттік төрелік сотта істі қарауға қарсы қарсылық білдіріп, даудың мәні бойынша өзінің бірінші өтінішінен кешіктірмей аралық сотқа қарауға істі қарау туралы өтінішін мәлімдесе, аралық сотқа ағалымы дауды беру туралы тұлғалардың ісіне қатысатын келісімдер болады;

- тараптар егер тараптардың кез келгені төрелік сотта істі қарауға қатысты қарсылықтар мәлімдесе және мәні бойынша істі қарау аяқталатын сот актісін қабылдауға дейін сотпен істі қарау уақытында аралық сотқа шешуге дауды беру туралы келісімдер жасалды.

Төрелік келісімнің арақатынасының және мемлекеттік соттардың құзыретінің проблемасы халықаралық шарттарда және ұлттық заңнамада қозғалады. «Шетел төрелік шешімдерді тану және орындауға келтіру туралы» 1958 жылғы Нью-Йорк тұжырымдамасы төрелік келісім жасау мәні бойынша мәселелерге қатысты; кез-келген тарап дауды төрелік қарау туралы өтініші білдіреді; сотта төрелік келісімді жарамсыз, күшін жоғалтқан немесе орындамайтын тануға негіз жоқ.

1961 жылғы Еуропалық тұжырымдама сотта қарамау бойынша мемлекеттік соттың мираскорлық білдіруі туралы ережені жасайды; төрелік келісім тараптарының біріне мемлекеттік сотта мәлімденген және төрелік келісімнің болуына негізделген істі қаралмауы бойынша мемлекеттік соттың наразылығы сот елінің заңы материалдық немесе процессуалды құқық мәселесі ретінде мұндай наразылықты қарайтынына байланысты талап арыздың мәні бойынша бірінші қарсылық көрсетуі сәтінде немесе дейін мерзімді өткізумен наразылық беру құқығын жоғалтуы мәлімдеуі тиіс. «Халықаралық сауда арбитражы туралы» 1985 жылғы ЮНСИТРАЛ-дың үлгілік заңы қосымша толықтырудан тұрады - барлық осы мәселелерді сотпен шешу төрелік істі қарауды бастауға, оны жалғастыруға және аяқтауға, дау мәні бойынша шешім шығаруға арбитражға ешқандай кедергі келтірмейді.

Халықаралық төрелік тәжірибеде халықаралық коммерциялық дауларды әртүрлі қарау тәсілдері мен халықаралық коммерциялық төреліктің тиімділігін арттыруға және тәсілдердің әсері жиірек талқыланып жатыр, қазіргі талапкерлер сай, дауларды шешудің адекваттық тәсілдерді жасау қажеттілігі экономиканың даму шапшаңдығын және Қытайдың интеграциялық дамуын алдын ала анықтайды. Қытайда, Ресейде сияқты, халықаралық коммерциялық төрелікте экономикалық әрекеттердің әр түрлі салаларында пайда болатын коммерциялық даулар қарастырылады.

Қазақстан доктринасында іс жүзінде бірінші көзқарас айтылады: егер дауды аралық соттың қарауына беру туралы қабылдаудан және қараудан бас тарту туралы ереже егер төрелік келісімнің тараптары талап арызбен арбитражға жүгінесе, бірақ құзыреті келісімшартқа келісімге ғана қолданылады. Мысалы, төрелік ескертпе ҚР ХҚТС пайдасына жасалды, ал талапкер Астана қаласындағы төрелік сотқа жүгінді. Мұндай жағдайда Астана қаласындағы төрелік сот өзін талап арызды қабылдаудан бас тартуға құзыратты емес тануы тиіс. Алайда тәжірибеде Қазақстан мемлекеттік төрелік соттар төрелік келісімде көрсетілген тараптардың еркін үнемі назарға ала бермейді және 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 488-V ҚРЗ «Төрелік туралы» Қазақстан Республикасының

Б.АЙЖАРЫҚҰЛЫ,
Қармақшы сотының
жетекші маманы

АЗАМАТТАРДЫҢ СОТ БИЛІГІН ҰЙЫМДАСТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТҚА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҒЫ

Адамның өмір сүруіне, білім алуына, емделуіне, бас бостандығын қорғауға құқылы секілі, ақпаратқа қол жеткізу де – адамның негізгі құқықтарының бірі. Ол халықаралық стандарттарда демократия мен қоғамдық қатысуды нығайту үшін қажетті мемлекеттік басқару сапасын жақсарту, азаматтық қоғамды жандандыру және оның шешімдер қабылдаудағы ролін күшейту болып табылады.

Халықаралық стандартқа сай адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының 10-бабында, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 19-бабында, БҰҰ сыйбалас жемқорлыққа қарсы конвенциясының 13-бабында ақпараттың максималды ашықтығының принципі болуы тұжырымдалған. Осындай тәжірибеге сүйене отырып, демократиялық құқықтық жүйені тандаған еліміздің Ата Заңының 18-бабында мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар және бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті екендігі көрсетілген. Сондай-ақ Конституцияның 20-бабында әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар делінген. Ақпаратты үш санатқа бөліп қарауға болады. Жалпыға қол жетімді ақпарат, ақпаратқа қол жетімділігі шектеулі болмайтын және ақпаратқа қол жетімділігі шектеулі ақпараттар. Осы ақпаратқа қол жетімділік пен ашықтық мәселенің соттағы жағдайын тарқатсам.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы Конституциялық заңның 25-бабында Судья қаралған немесе қаралып жатқан сот істерінің мәні жөнінде қандай да бір түсінік беруге міндетті емес. Кенесу болмасын құпиясы барлық жағдайларда қамтамасыз етілуіне тиіс екендігі жазылған. Алайда сот істері

бойынша тараптармен қоса азаматтар сотқа және сот өндірісіне қатысты ақпараттарды заңда көзделген тәртіппен алуға құқылы. Сотқа жүгінуші тарап немесе өзіне қатысты сот ісі қозғалған тұлға сол сот өндірісі туралы толыққанды ақпарат алуға құқылы. Яғни сот ісі өндіріске қабылданғаннан бастап талап қою немесе шағым, оған қоса берілген құжаттар, материалдар, оған берілген пікірлер, өтінішхаттар, қарсы пікірлер келесі тарапқа міндетті түрде жолданады. Сонымен қатар бұл жерде АПК-нің 46-бабына сай іске қатысатын адамдардың іс материалдарымен танысуға, олардан үзінді көшірмелер жазып алуға және көшірмелер түсіруге; қарсылықтарын мәлімдеуге; дәлелдемелерді табыс етуге және оларды зерттеуге қатысуға; сотқа ауызша және жазбаша түсініктемелер беруге; сот процесі барысында туындайтын барлық мәселелер бойынша өз дәлелдерін келтіруге де құқылы екендігін ескерген жөн. АПК-нің 19-бабына және ҚПК-нің 29-бабына сай азаматтық және қылмыстық істерді талқылау барлық сот сатыларында ашық жүргізіледі. Сот актілері жария түрде хабарланады. Соттың іс жүргізуіндегі азаматтық істер бойынша сотқа келіп түскен өтініштер туралы ақпарат жария етілуіне және осы ақпаратты соттың ресми интернет-ресурсында орналастыру арқылы процеске қатысушылардың назарына жеткізілуі тиіс.

Жабық сот отырысында мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтері бар шешімді жариялауды қоса алғанда, істерді, сондай-ақ бала асырап алу туралы істерді қарау және шешу заңға сәйкес жүзеге асырылады. Жеке хат жазысу және өзге де жеке хабарлар өзара хат жазысқан және осы жеке хабарлар өздеріне қатысты адамдардың келісімімен ғана ашық сот отырысында жария етілуі мүмкін. Мұндай келісім болмаған жағдайда хат жазысу мен хабарлар жабық сот отырысында жария етіледі және зерттеледі. Іске қатысатын адамдардың және басқа да адамдардың, оның ішінде ашық сот отырысына қатысып отырған бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің сот отырысының барысы бойынша жазбалар жасауға, оны заңда отырған орындарынан аудиожазу құралдарының және цифрлық жеткізгіштердің көмегімен

жазып алуға құқығы бар. Сот талқылауы заңында киноға және фотоға түсіруге, бейнежазба жасауға, тікелей радио- және телетрансляция жүргізуге, интернеттің ақпараттық-коммуникациялық желісінде бейнетрансляция жүргізуге соттың рұқсатымен және іске қатысатын адамдардың пікірі ескеріле отырып жол беріледі. Бұл туралы сот отырысының хаттамасына енгізілетін сот ұйғарымында көрсетіледі. Бұл әрекеттер сот отырысының қалыптасуына кедергі келтірмеуге тиіс және оларды уақыт жағынан шектеуі мүмкін. Қазақстан Республикасының Ақпаратқа қол жеткізу туралы Заңының 16-бабының 5 тармағында Қазақстан Республикасы соттарының интернет-ресурстарында ашық қол жеткізуде орналастыруға жатпайтындарды қоспағанда, сот актілері; Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер ескеріле отырып, сот істерін қарау графикалары орналастырылады. Яғни заң нормаларына сай азаматтар жоғарыда аталған мәліметтерді соттардың интернет-ресурстарынан ала алады. Бұл жерде соттың интернет-ресурсына заңды күшіне енген сот актілері ғана жарияланатынын ескерген жөн. Сонымен қатар сот процесіне бейне және дыбыстаспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу жұмыстарын соттың ашықтығын қамтамасыз етудің бір көрінісі деп айтуға болады.

Қазіргі таңда барлық сот залдары дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен жабдықталған. Бұл тетік - сот ісін жүргізу реформасының институционалды жүйесінің жетілген қадамының бірі. Шын мәнінде, кез-келген сотта қаралған іс аудио-, бейнежазба құралымен өтеді. Аталған құрылғы арқылы жазылған сот отырыстарын тараптар өтінішхат арқылы алып, танысуына толық мүмкіндігі бар. Азаматтардың сот жұмысын ұйымдастырудағы ақпаратты еркін алуы – сот жүйесінің ашықтығын, халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасының сот билігінде кеңінен қолданытынын көрсетеді.

А.ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

МӘМС

ҚЫМБАТ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ АУЫЛ ТҮРҒЫНЫ ҚАЛАЙ АЛАДЫ?

Қызылорда облысында 25 фельдшерлік-акушерлік бекет (бұдан әрі – ФАБ) бар. ФАБ-те қандай медициналық көмек көрсетіледі, ауыл тұрғындары ауруды анықтау, дәрігердің кеңесін алу немесе қымбат ота жасау қажет болса, қайда бару керек? Осы және өзге де сауалдарға тілшілер Шиели ауданына баспасөз туры барысында жауап алды. Ұйымдастырушы – Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалы

Жиделіарық ауылында мыңға жуық халық тұрады. Құрметті агроном Есімұлы Әбусәлі ФАБ-ке жүрек және қан қысымының жоғарылауы шағымдарымен жүгінді. 75 жастағы еңбек ардагеріне алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетіліп, қосымша медициналық тексеруден өтуге кеңес берілді.

«Зоб, жоғары қан қысымы мазалайды. Жұбайымның да қан қысымы көтеріледі. ФАБ мамандары кәсіби медициналық көмек көрсетеді. Дәрі-дәрмектерді де уақытылы алып тұрамыз», - деді ардагер.

Пациент Еңбекші ауылының дәрігерлік амбулаториясына жіберілді. Мұнда қабылдауды жергілікті дәрігер жүргізіп, жоспарлы медициналық көмекке жолдайды. Негізгі шарт - пациент МӘМС жүйесінде сақтандырылуы тиіс.

«ФАБ дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетеді. Еңбекші ауылының дәрігерлік амбулаториясында жергілікті

дәрігер ауылдың тұрғындары консультациялық-диагностикалық қызмет алуға, күндізгі және тәулік бойы стационарларда емделуге және т.б. медициналық қызметтерге жібереді. Ауылдың 118 тұрғыны диспансерлік есепте тұрады. Көбінесе жүрек-қан тамырлары аурулары, қант диабеті, бронхитпен ауырады», - деді Жиделіарық ауылының фельдшері Дархан Сәрсенбаев.

Наукастың жағдайын бағалағаннан кейін, жергілікті дәрігер ем тағайындайды немесе аудандық ауруханаға мамандырылған дәрігерінің кеңесіне жібереді. Төтенше жағдайда, сақтандыру мәртебесіне қарамастан, пациент жедел жәрдем көлігімен ауруханаға жеткізіледі. Осылайша, бас миы шайқалған Жиделіарық ауылының тұрғыны Анар Сармакова аудандық ауруханаға түсті. 53 жастағы әйелге компьютерлік томография тағайындалды.

«Басым айналды, есінен танып қалдым. Содан соң құсу басталды. Қазір денсаулық жағдайым жақсы,

ем қабылдап жатырмын. Менде анемия бар, бірақ диспансерлік есепте білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметшісінің өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді. Мемлекеттік қызметшінің міндеті осы сенімді ақтау.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі Конституцияға, еліміздегі заңдарға, қабылданған м о р а л ь д ы қ - ә д е п т і л і к қалыптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің әдептілік бейнесіне қойылатын талапты белгілейді. Кодекстің халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Әдеп кодексі 5 бөлімнен тұрады. Олар – жалпы ережелер, мінез құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез – құлық, қызметтік қатынастардағы мінез құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез құлық стандарттары деп аталады.

Мемлекеттік қызметшінің жан жақты дамыған тұлға болуы тиіс, кез келген жағдайда әдеп қағидаларына сақтауға қажетті мінез-құлыққа ие болуы қажет. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер қоғамға жат мінез құлық, қоғамдық орындарда адамның қадір қасиетін түсіретін жағдайларға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

3) заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, әдереклік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді қудаламау.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметшісінің өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметіне жұмсайды, өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді. Мемлекеттік қызметшінің міндеті осы сенімді ақтау.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі Конституцияға, еліміздегі заңдарға, қабылданған м о р а л ь д ы қ - ә д е п т і л і к қалыптарға сәйкес мемлекеттік қызметшілердің әдептілік бейнесіне қойылатын талапты белгілейді. Кодекстің халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған. Әдеп кодексі 5 бөлімнен тұрады. Олар – жалпы ережелер, мінез құлықтың жалпы стандарттары, қызметтен тыс уақыттағы мінез – құлық, қызметтік қатынастардағы мінез құлық және көпшілік алдында, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеумен байланысты мінез құлық стандарттары деп аталады.

Мемлекеттік қызметшінің жан жақты дамыған тұлға болуы тиіс, кез келген жағдайда әдеп қағидаларына сақтауға қажетті мінез-құлыққа ие болуы қажет. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік қызметшілер қоғамға жат мінез құлық, қоғамдық орындарда адамның қадір қасиетін түсіретін жағдайларға жол бермеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

3) заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, әдереклік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді қудаламау.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және

қызметтік жұмыс мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепсіз сөздерді қамтитын болса, көпшілік алдында білдірмеуге тиіс.

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы тәртіптік жауаптылыққа әкел соғады.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікірсайысты сыпайы нысанда жүргізуі тиіс. Мемлекеттік саясат және қызметгі мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол:

1) мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса;

3) мемлекеттік лауазымды адамдардың, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепке жат сөздер айтудан тұрса, көпшілік алдында білдіруіне болмайды.

Мемлекеттік қызметшіге сыбайлас жемқорлық көріністерін жасаған деп көпшілік алдында негізсіз айып тағылған жағдайда, ол осындай айыптау анықталған күннен бастап бір ай мерзімде оның теріске шығару жөнінде шаралар қолдануға тиіс.

Әлия БАЙМАХАНОВА,
Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаменті төлемдерді бекіту және бақылау бөлімінің басшысы

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегі біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

Сыбайлас жемқорлық – демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономикаының қуру жолында инвестициялар тарту процесін баяулатып, босаңсағана айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс.

Осы негізде, қазіргі кезде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талабының аясында жемқорлыққа қарсы күрес әр салада жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық – бұл негізінен мемлекеттік қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдары мен өкілеттіктерін пайдалан отырып, заңда көзделмеген мүліктілік пайда мен артықшылықтар алу және де кімдердің болса да осы тұлғаларға артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып

алуы, немесе қарапайым тілде пара беру мен пара алу ұғымы түсініледі.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қоғамда оған қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын қарқынды жүргізу маңызды. Кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз орынды. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына кедергі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына байланысты, барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар өз қызметі шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың басшылары өз өкілеттігі

шегінде заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлық танытуы, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың өршуіне әкеліп соғады.

Сонымен қатар осы салада халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықтық түсінідуді жұмысының деңгейін мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алып, оның қоғамға таралу жолдарын кесіп, ұлғаюына жол бермеу маңызды. Сол негізде сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

А.Х.АХЕТОВ,
Қызылорда облысы бойынша қазынашылық департаменті Электрондық депозитарий бөлімінің басшысы

СІБІР ЖАРАСЫ АУРУЫНАН САҚТАНАЙЫҚ

Сібір жарасы аурушандығы туралы аудан тұрғындары арасында көп біле бермейді. Оның бірден бір себебі сібір жарасының мал бағатын адамдар арасында көп кездесетін ауру. Сібір жарасы ауыл шаруашылығы жануарларында жіті түрде өтетін аса қауіпті жұқпалы ауру.

Ауыл шаруашылығы жануарлары ішінде қойда-топалаң, жылқыда-жаманда, ірі қарада- қарағала, түйеде- ақшелек қарабезд деп аталады. Онымен адамда (түйнеме, күйдіргі) ауырады. Ауру қоздырғышы сыртқы ортаға төзімді. Жер қыртысында өсіп-өнеді және спора түзеді, қоршаған ортада ондаған жылдарға дейін сақталады.

Сібір жарасы адам мен жануарлардың жоғары өлімінен өтетін аса қауіпті жұқпалы ауру. Топалаңмен өлген малды сойған кезде өттегінің әсерінен қоздырғышы спораға айналады, сондықтан мұндай малды жарып көруге қатан тым салынған.

Жануарлардағы сібір жарасы келесі ерекшеліктермен сипатталады. Дене қызуы көтеріледі, қанды іш өту, жүрісі өзгереді. Жануарлар құлайды, ауыз қысынан, мұрыннан, анустан қан бөлінеді. Жануардың терісінде жара, ісіну болуы мүмкін. Өлген жануардың қаны қарамай түсті болады, ұйымайды.

Адам ауру жануарлардан, мал сойғанда, малға күтім жасағанда, асқа ауру малдың етіні, сүтін қабылдағанда, споралары бар терісін қолданғанда

жұқтырады.

Аурудың алдын алу шаралары аудан тұрғындарының назарына:

Аудан көлеміндегі барлық мал иелеріне: төрт түлік мал басын толығымен сібір жарасына қарсы вакцина, яғни екпе жасату. Әр кент, ауылдық округтерде тиісті әкімшілік аумақтың ветеринар дәрігерлері аса қауіпті «Сібір жарасы» ауруына қарсы алдын алу, ету жұмыстарын тегін жүргізеді.

Басқа облыстан, басқа аймақтан әкелінген ауыл шаруашылығы жануарларын міндетті түрде ветеринариялық құжаттарымен тиісті әкімшілік аумақтың ветеринарына хабарласып, есепке алып, ол туралы мәліметті дерекқорға енгізу қажет. Жануар иесі ауыл шаруашылығы жануарларын соғана жіберер алдында тиісті әкімшілік аумақтың ветеринар дәрігерін жануарды сою алдындағы тексеріс жасауға шақыру. Аудан тұрғындары өз денсаулығын қалып келгендерін сақтау үшін күнделікті тұтынатын ет, өнімдерін және сүт, сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткеннен кейін ғана қолданғыңыз жоң. Сібір жарасы аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жататындықтан, барынша сақтық шаралары мен алдын алуға шақырамын.

Жанакорган аудандық ветеринариялық станциясы мекемесі

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҮРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36ВР/00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,

Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62

Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №137

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/